

**Қостанай облысы Лисаков қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 31 қаңтардағы № 33 " Мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Қостанай облысы Лисаков қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 18 қарашадағы № 463 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 22 қарашада № 25270 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Қостанай облысы Лисаков қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қостанай облысы Лисаков қаласы әкімдігінің "Мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" 2017 жылғы 31 қаңтардағы № 33 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6829 болып тіркелген) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. "Лисаков қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны оның ресми жарияланғанынан кейін Қостанай облысы Лисаков қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай облысы Лисаков қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Лисаков қаласының әкімі*

*А. Ибраев*